

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)

GoGEAR

SA4VBE

Сұрағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

## 1 Маңызды қауіпсіздік ақпараты 3

- Жалпы қызмет көрсету 3
- Айналаны қорғау мәселелер ақпараты 5

## 2 Сіздің жаңа ойнатқышыңыз 6

- Қораптың құрамы 6
  - Ойнатқышқа арналған компьютердің бағдарламалық жасақтамасы 6
  - Ойнатқыштағы жүктелген файлдар 6
- Жалпы шолу 7
  - Басқару элементтері 7
  - Негізгі экран 7
  - Пернелерді құлыптау/құлпын ашу 8

## 3 Жұмысты бастау 9

- Зарядтау қуаты 9
  - USB айнымалы/тұрақты ток адаптері арқылы зарядтау 9
- Ойнатқышты қосу немесе өшіру 9
  - Автоматты күту режимі және өшіру 9

## 4 Музыка 10

- Музыканы ойнатқышқа тасымалдау 10
- Ойнатқыштағы музыканы табу 10
  - Музыканы өлең ақпараты бойынша табу 10
  - Музыканы ойнату тізімі бойынша табу 10
  - Музыканы файл қалтасы арқылы табу 11
  - Тамаша айналдыру 11
- Музыканы ойнату 11
  - Бірдей жинақты ойнату 11
  - Ойнату опцияларын таңдау 12
- Ойнату тізімдері 12
  - Өлеңдерді дайын ойнату тізіміне қосу 12
  - Өлеңдерді дайын ойнату тізімінен жою 12
- Ойнатқыштағы өлеңдерді жою 12

## 5 Дыбыстық кітаптар 14

- Дыбыстық кітаптарды ойнатқышқа қадамдастыру 14
  - Компьютерде AudibleManager мүмкіндігін орнатыңыз. 14
- Дыбыстық кітаптарды компьютерге жүктеп алу 14
- Ойнатқышқа қадамдастыру 14
- Ойнатқыштағы дыбыстық кітаптарды табу 15
- Дыбыстық кітаптарды ойнату 15
- Бетбелгілерді қолдану 15
- Ойнатқыштан дыбыстық кітаптарды жою 16

## 6 Бейнелер 17

- Бейнелерді ойнатқышқа тасымалдау 17
  - Philips Media Converter бағдарламасын орнатыңыз 17
  - Philips Media Converter бағдарламасын пайдаланыңыз 17
- Ойнатқыштағы бейнелерді табу 18
- Бейнелерді ойнату 18
- Ойнатқыштан бейнелерді жою 18

## 7 Суреттер 19

- Ойнатқышқа суреттерді қосу 19
- Ойнатқыштағы суреттерді табу 19
- Суреттерді көру 19
  - Слайд көрсетілімін бастау 19
  - Ойнату параметрлерін таңдау 19
- Ойнатқыштан суреттерді жою 19

## 8 Қалта көрінісі 21

## 9 Параметрлер 22

- Ойнату режимі 22
- Дыбыс параметрлері 22
- Ұйықтау таймері 22
- Көрсету параметрлері 22
  - Экранды сақтау 22
- Слайд көрсетілімінің параметрлері 23
- Тіл 23
- Ақпарат 23

Заңды	23
Құрылғыны пішімдеу	23
Зауыттық параметрлері	24

---

<b>10 Philips Device Manager</b> мүмкіндігі арқылы микробағдарламаны орнату	25
---	----

---

<b>11 Ақаулықтарды жою</b>	27
----------------------------	----

---

<b>12 Техникалық мәліметтер</b>	28
Компьютерге қойылатын талаптар	28

### **Көмек керек пе?**

Мына торапқа кіріңіз:

**[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)**.

бұл жерде пайдаланушы нұсқаулығы, ең соңғы бағдарламалық жасақтама жаңартулары және жиі қойылатын сұрақтардың жауаптары сияқты қолдау көрсететін материалдардың барлығына қол жеткізе аласыз.

# 1 Маңызды қауіпсіздік ақпараты

## Жалпы қызмет көрсету

Бұл құжаттың аудармасы тек анықтама ретінде берілген. Ағылшын нұсқасы мен аударылған нұсқасы арасында қандай да бір сәйкессіздік болған жағдайда ағылшын нұсқасы басымырақ болады.



### Ескерту

- Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Құрылғыны жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Ойнатқышты түсіріп алмаңыз немесе үстіне басқа заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз. Құлақаспап ұяшығына немесе батарея бөліміне су кіргізіп алмаңыз, себебі су құрылғыға қатты зақым келтіруі мүмкін.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.
- Файлдарыңыздың сақтық көшірмесін жасаңыз. Жүктелген түпнұсқа файлдар құрылғыңызда сақталғанына көз жеткізіңіз. Егер құрылғы зақымдалса немесе оқылмаса / түсініксіз болса, Philips компаниясы деректердің жоғалуына жауапты болмайды.
- Ақауларды болдырмау үшін музыка файлдарыңызды тек берілген музыкалық бағдарламалық жасақтамамен басқарыңыз (тасымалдау, жою, т.б.).
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

## Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температурасы әрқашан 0 және 45°C (32 - 113°F) арасында болатын жерде қолданыңыз
- Температурасы әрқашан -20 және 45°C (-4 - 113°F) арасында болатын жерде сақтаңыз.
- Батареяның жарамдылығы төмен температура шарттарында қысқаруы мүмкін.

## Қосалқы бөлшектері/керек-жарақтары:

Қосалқы бөлшектерге/керек-жарақтарға тапсырыс беру үшін [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) веб-торабына кіріңіз.

## Есту қауіпсіздігі



### Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз:

Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.

Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін: Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.

Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.

Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.

Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.

Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.

Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.

Құлақспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

### Өзгерістер

Өндіруші тікелей мақұлдамаған өзгертулер пайдаланушыны бұл өнімді қолдану құқығынан айыруы мүмкін.

### Авторлық құқық туралы ақпарат

Барлық басқа белгілер және өнім атаулары тиісті компаниялардың немесе ұйымдардың сауда белгілері болып табылады.

Кез келген жазбаны не Интернеттен жүктелген болсын не аудио ықшам дискіден жасалған болсын рұқсатсыз көшіру авторлық құқықтарды және халықаралық келісімдер құқығын бұзу болып табылады.

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс. Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

**Жауапты болыңыз! Авторлық құқықтарды құрметтеңіз.**



**Be responsible  
Respect copyrights**

Philips компаниясы басқалардың интеллектуалды меншік құқықтарын құрметтейді және пайдаланушыларынан осыны орындауды сұрайды. Интернеттегі мультимедиа мазмұнын жасауға және/немесе түпнұсқалық авторлық құқық иесінің рұқсатынсыз үлестіруге болады. Рұқсат етілмеген мазмұнды көшіру немесе тарату әртүрлі елдерде, оның ішінде сіздің елде де авторлық құқықты бұзу болып табылады.

Авторлық құқық заңдарын орындау сіздің жауапкершілігіңізде.

Компьютеріңізге жүктелген бейне ағындарды шағын ойнатқышқа жазу және тасымалдау тек жалпы доменмен немесе дұрыс лицензияланған мазмұнмен пайдалануға арналған. Мұндай мазмұнды жеке, коммерциялық емес мақсатта пайдалануыңыз және жұмыстың авторлық құқық иесі қамтамасыз еткен авторлық құқық нұсқауларын құрметтеуіңіз керек. Мұндай нұсқау ешқандай қосымша көшірме жасалмау керектігін білдіреді. Бейне ағындарында қосымша көшіруге тыйым салатын көшіруден қорғау технологиясы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, жазу функциясы жұмыс істемейді және сіз хабар арқылы хабарландырыласыз.

### Деректерді жүргізу журналы

Philips компаниясы өнімнің сапасын жақсартуға және Philips пайдаланушы әрекеттестігін кеңейтуге міндеттенеді. Осы құрылғының пайдалану профилін түсіну үшін бұл құрылғы аппараттың энергияға тәуелді емес жады аймақтарына кейбір ақпаратты / деректерді тіркейді. Бұл деректер пайдаланушы құрылғыны пайдалану кезінде кездесуі мүмкін кез келген қателерді немесе ақауларды анықтау және табу үшін

пайдаланылады. Сақталған деректер, мысалы, музыка режиміндегі ойнату ұзақтығы, тюнер режиміндегі ойнату ұзақтығы, батарея деңгейінің аз болғаны туралы ақпараттың қанша рет пайда болғаны, т.б. Сақталған деректер құрылғыда немесе жүктеулер көзінде пайдаланылатын мазмұнды немесе мультимедианы көрсетпейді. Құрылғыда сақталған деректер ТЕК пайдаланушы құрылғыны қызмет көрсету орталығына апарған жағдайда және ТЕК қатенің анықталуын жеңілдету және оны болдырмау үшін ғана шығарып, алынып пайдаланылады. Сақталған деректер пайдаланушыға алғашқы сұрауында қол жетімді болуы тиіс.

EAC



001

---

## Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дөробалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

## 2 Сіздің жаңа ойнатқышыңыз


### Ескертпе

- Суреттер тек сілтеме үшін берілген. Philips түсті/дизайнды ескертусіз өзгерту құқығын сақтайды.


### Қораптың құрамы

Төмендегі элементтерді алғаныңызға көз жеткізіңіз:

Ойнатқыш



Құлақспаптар



USB кабелі



Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы



Қауіпсіздік және кепілдік парағы



### Ойнатқышқа арналған компьютердің бағдарламалық жасақтамасы

**VIBE** келесі компьютер бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істейді:

- **Philips Device Manager** (микробағдарлама жаңартуларын алуға және ойнатқышты қалпына келтіруге көмектеседі)
- **Philips Media Converter** (бейнелерді ойнатқышта қолданылатын файл түріне түрлендіруге және түрлендірілген файлдарды ойнатқышқа тасымалдауға көмектеседі)

### Ойнатқыштағы жүктелген файлдар


Төмендегі файлдар **VIBE** жүктелді:

- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жиі қойылатын сұрақтар



## Жалпы шолу

### Басқару элементтері



- 1
  - Басып тұру: ойнатқышты қосады немесе өшіреді
  - Басу: опцияларды таңдау немесе ойнатуды бастау/кідірту/жалғастыру
- 2 **Бейне**
- 3
  - Басу: опциялар мәзірін көрсету
  - Басып тұру: барлық түймелерді құлыптау/құлпын ашу
- 4
  - 3,5-мм құлақсапа қосқышы
- 5 /
  - параметрлер тізімінде:**  
Басу: алдыңғы/келесі параметрге өту  
Басып тұру: әліпби бойынша сұрыпталған параметрлер тізімінде ағымдағы параметрдің бастапқы қалпын көрсету
  - ойнату экранында:**  
Басу: дыбыс деңгейін көбейту/азайту

Басып тұру: дыбыс деңгейін жылдам көбейту/азайту




- **ойнату экранында:**  
Басу: келесі/алдыңғы файлға өткізіп жіберу  
Басып тұру: ағымдағы файлды жылдам алға не артқа айналдыру

- 6 **RESET**
  - Экран пернелерді басқан кезде жауап бермесе, қаламның ұшымен тесікті басыңыз
- 7
  - Қуатпен зарядтау және деректерді тасымалдауға арналған USB қосқышы
- 8
  - Басу: бір деңгейге қайту


### Негізгі экран

Мәзір	Режим	Әрекет
	Музыка	аудио файлдарды ойнату
	Бейне	бейнелер көру
	Суреттер	суреттерді көру
	Қалта көрінісі	қалталардағы файлдарды көру
	Параметрлер	<b>VIBE</b> параметрлерін теңшеу
	Қазір ойнатылуда	ағымдағы ойнату экранын көрсету

### Негізгі экраннан шарлау





- Басты экраннан функциялық мәзірлерге / және жылжу түймелерін басу арқылы кіруге болады.

- Алдыңғы экрандарға қайта өту үшін  түймесін қайта-қайта басыңыз.

**Негізгі экран және ойнату экраны арасында ауыстыру**

**Негізгі экранда,**

-  түймесін басыңыз;
- не болмаса,  түймешігін басып, **[Now playing]** не **[Last played]** параметрін таңдаңыз.

**Ойнату экранында**

-  түймешігін қайта-қайта басыңыз.



**Дисплейге тақырып таңдау үшін,**

- Негізгі экранда  түймешігін басып, **[Theme]** опциясын таңдаңыз.

---

## Пернелерді құлыптау/құлпын ашу

Ойнатқыш қосұлы кезде кездейсоқ іске қосылуды болдырмау үшін құлыптауды пайдаланыңыз.

- Пернелерді құлыптау немесе құлпын ашу үшін  /  түймешігін басып тұрыңыз.
  - ↳ Дыбыс деңгейі пернелерінен басқа барлық түймешіктер құлыпталады және құлып белгішесі көрсетіледі.

# 3 Жұмысты бастау


## Ескертпе

- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батарея жарамдылығы және зарядтау айналымының саны пайдалану және параметрлерге байланысты өзгереді.

## Зарядтау қуаты


VIBE құрылғысында компьютердің USB ұяшығы арқылы зарядтауға болатын бекітілген батарея бар.

VIBE құрылғысын компьютерге USB кабелі арқылы жалғаңыз.



## USB айнымалы/тұрақты ток адаптері арқылы зарядтау

VIBE құрылғысын USB айнымалы/тұрақты ток адаптері (жинаққа кірмейді) арқылы зарядтау үшін қуат шығысы 5,0 В және 0,5А екеніне көз жеткізіңіз.



## Ойнатқышты қосу немесе өшіру

Ойнатқыш қосылғанға немесе өшірілгенге дейін ►|| түймесін басып тұрыңыз.

## Автоматты күту режимі және өшіру


Ойнатқышта батарея қуатын үнемдейтін автоматты күту режимі және өшіру мүмкіндігі бар.

Күту режимінде (ойнатылмаса, ешқандай түймешік басылмаса) 5 минуттан кейін, ойнатқыш өшіріледі.

## Ескертпе


- VIBE құрылғысын компьютерге жалғаған кезде, сізден қысқаша: [Charge & transfer] немесе [Charge & play] таңдау сұралады.
- Ешқандай таңдау жасалмаса, VIBE құрылғысы [Charge & transfer] параметрін автоматты түрде қолданады.

## Батарея деңгейін көрсету

- Батарея заряды аз болған кезде батарея заряды аз экраны қайта-қайта көрсетіледі.
- Зарядтау үрдісі аяқталған кезде  көрсетіледі.

## 4 Музыка

### Музыканы ойнатқышқа тасымалдау



Компьютердің мультимедиа кітапханасындағы музыканы **VIBE** құрылғысына келесі жолдармен тасымалдауға болады:

- Музыка файлдарын Windows Explorer терезесіне апарып тастаңыз.

**Музыка файлдарын Windows Explorer терезесіне апарып тастау үшін**

- 1** **VIBE** құрылғысын компьютерге жалғаңыз.
- 2** Компьютерде **Менің компьютерім** немесе **Компьютер** тармағының астында
  - **VIBE** құралын таңдап, файл қалталарын жасаңыз.
- 3** Компьютерде музыка файлдарын **VIBE** құрылғысындағы файл қалталарына апарып тастаңыз.
  - Сонымен қатар, компьютерден **VIBE** құралына файл қалталарын сүйреп апарыңыз.

### Ойнатқыштағы музыканы табу

**VIBE** құрылғысында музыканы өлең ақпараты, ойнату тізімі немесе файл қалтасы бойынша табуға болады. **Superscroll** көмегімен бастапқы бойынша музыкалық кітапхана арқылы жылдам шолуға болады.

### Музыканы өлең ақпараты бойынша табу

♪ ішінде өлеңдер түрлі жиындар астында метадеректер немесе ID3 тегі арқылы сұрыпталады: **[All songs]**, **[Artists]**, **[Albums]** немесе **[Genres]**.

#### **[All songs]**

- Өлеңдер өлең тақырыбы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

#### **[Artists]**

- Өлеңдер орындаушы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады;
- Әрбір орындаушы астында өлеңдер альбом бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

#### **[Albums]**

- Өлеңдер альбом бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

#### **[Genres]**

- Өлеңдер поп немесе рок сияқты жанр бойынша сұрыпталады.

### Музыканы ойнату тізімі бойынша табу



♪ > **[Playlists]** ішінде ойнатқышта жасаған ойнату тізімдерін табыңыз.

## Музыканы файл қалтасы арқылы табу

■ экранында музыканы файл қалтасы арқылы табыңыз.

## Тамаша айналдыру

Әліпби бойынша сұрыпталған параметрлер тізімінде **Superscroll** параметрлерді бастапқы бойынша шолуға мүмкіндік береді.


- **Superscroll** бастау үшін,  /  түймесін басып тұрыңыз.  
↳ Экранда ағымдағы параметрлердің бастапқы қалпын көресіз.





## Музыканы ойнату


Өлеңнен бастап ойнатуға немесе бүкіл альбом не орындаушыдан бастап ойнатуға болады.

**Өлеңнен бастап ойнату үшін,**



- 1 Өлең таңдаңыз.
- 2 Ойнатуды бастау үшін  түймесін басыңыз.  
↳ Ойнату ағымдағы өлеңнен басталады.

**Бүкіл альбомды немесе орындаушыны ойнату**



- 1 Альбом немесе орындаушы таңдаңыз.
- 2  > [Play] түймесігін басыңыз.
- 3 Ойнатуды бастау үшін  түймесін басыңыз.



**Ойнату экранында**

- Ойнатуды кідірту және жалғастыру үшін  түймесігін басыңыз.
- Алдыңғы экранға өту үшін,  түймесін басыңыз.  
↳ Ойнату экраны бірнеше секундтан кейін оралады.
- ↳ Ойнату экранында файл туралы ақпаратты және ойнату күйін көруге болады.



**Дыбыс деңгейін реттеу**

- Ойнату экранында  /  түймесін басыңыз.

**Ойнату экранындағы музыка файлын таңдау үшін**


-  (  ) түймесін қайталап таңдаңыз.

**Ағымдағы өлеңді артқа немесе алға жылдам айналдыру үшін**

- Ойнату экранында  /  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

## Бірдей жинақты ойнату

Өлеңді ойнату барысында ағымдағы өлеңдікі сияқты бірдей жинаққа ауысуға болады.

- 1 Ойнату экранында  немесе [Play mode] түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

2 [Play music from...] экранында [... this artist], [... this album] немесе [... this genre] параметрін таңдаңыз. ►► түймесін басыңыз.

↳ Ағымдағы орындаушыны, альбомды немесе жанрды ойнатуды бастай аласыз.

Ойнатқыштағы барлық өлеңдерді ойнату үшін

1 Ойнату экранында ≡ немесе [Play mode] түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

2 [Play music from...] параметрінде [All songs] түймесін басыңыз. ►► түймесін басыңыз.

---

## Ойнату опцияларын таңдау

Ойнату экранында ойнату опцияларын таңдау үшін ≡ түймешігін басыңыз, мысалы, ойнату режимі, дыбыс параметрлері және ұйқы таймері (ақылдасу 'Параметрлер' бет 22).

---

## Ойнату тізімдері

Ойнатқыштарда келесі ойнату тізімдерін таба аласыз:

- компьютердің мультимедиа кітапханасынан тасымалданған ойнату тізімдері;
- ойнатқыштағы өлеңдерді қосу үшін үш ойнату тізімі дайын.

---

## Өлеңдерді дайын ойнату тізіміне қосу

Ағымдағы өлеңді қосу үшін,

1 Өлеңді таңдаңыз және ойнатыңыз.

2 Өлеңдер тізімінде немесе ойнату экранында

- ≡ түймешігін басып, [Add to playlist] параметрін таңдаңыз.

3 Дайын ойнату тізімін таңдаңыз. ►► түймесін басыңыз.

↳ Растау хабары көрсетіледі.

4 Растау үшін, [Yes] опциясын таңдаңыз.  
↳ Ағымдағы өлеңді ойнату тізіміне сақтауға болады.

Альбом немесе орындаушы қосу үшін,

1 Альбом немесе орындаушы таңдаңыз.

2 Альбомдар немесе орындаушылар тізімінде,

- ≡ түймешігін басып, [Add to playlist] параметрін таңдаңыз.

3 Дайын ойнату тізімін таңдаңыз. ►► түймесін басыңыз.  
↳ Растау хабары көрсетіледі.

4 Растау үшін, [Yes] опциясын таңдаңыз.  
↳ Альбомды немесе орындаушыны ойнату тізіміне сақтауға болады.

---

## Өлеңдерді дайын ойнату тізімінен жою

Ағымдағы өлеңді ойнату тізімінен жою үшін,

1 Ойнату экранында ≡ > [Remove from Playlist] түймесін басыңыз.

2 Дайын ойнату тізімін таңдаңыз. ►► түймесін басыңыз.  
↳ Растау хабары көрсетіледі.

3 Жою үшін [Yes] түймесін таңдаңыз.  
↳ Ағымдағы өлеңді таңдалған ойнату тізімінен жоюға болады.

---

## Ойнатқыштағы өлеңдерді жою


Ойнату барысында ағымдағы өлеңді жою үшін,

1 Ойнату экранында ≡ түймешігін басыңыз және [Delete] параметрін таңдаңыз.  
↳ Растау хабары көрсетіледі.

2 Өлеңді жою үшін **[Yes]** параметрін таңдаңыз.

↳ Ағымдағы өлең ойнатқыштан жойылды.

## 5 Дыбыстық кітаптар

Осы [www.audible.com](http://www.audible.com) торабынан жүктеп алынған дыбыстық пішімдердегі кітаптарды ойнату үшін  > [Audiobooks] тармағына өтіңіз.


### Дыбыстық кітаптарды ойнатқышқа қадамдастыру

[www.audible.com](http://www.audible.com) торабынан **AudibleManager** бағдарламалық құралын компьютерге жүктеп алып, орнатыңыз. Бағдарламалық құрал арқылы

- [www.audible.com](http://www.audible.com) торабынан дыбыстық кітаптарды компьютердегі кітапханаға жүктеп алуға,
- ойнатқышқа дыбыстық кітаптарды қадамдастыруға болады.



### Компьютерде AudibleManager мүмкіндігін орнатыңыз.

- 1 Компьютерді Интернетке қосыңыз.
- 2 [www.audible.com](http://www.audible.com) торабынан MP3/ MP4 ойнатқыштары үшін **AudibleManager** бағдарламалық құралын жүктеп алыңыз.
- 3 Компьютерде бағдарламалық құралды орнатыңыз:
  - Орнату экранында тыңдау құрылғыларының ашылмалы тізімінен **Philips GoGear** (таңдаулы үлгілер) түрін таңдаңыз;



- Орнатуды аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


### Дыбыстық кітаптарды компьютерге жүктеп алу

- 1 Компьютерді Интернетке қосыңыз.
- 2 **AudibleManager** қызметін компьютерде іске қосыңыз.
- 3 **AudibleManager** параметрінде [www.audible.com](http://www.audible.com) торабына қосылу үшін **Менің желідегі кітапхана** түймесін басыңыз.
- 4 Дыбыстық кітаптарды таңдау және жүктеп алу:
  - [www.audible.com](http://www.audible.com) торабымен тіркелгіңізге кіріңіз,
  - Дыбыстық кітаптарды  немесе  пішімінде жүктеп алыңыз.
    - ↳ Жүктеп алынған кітаптар автоматты түрде **AudibleManager** құралындағы кітапханаға қосылады.

### Ойнатқышқа қадамдастыру

- 1 **AudibleManager** қызметін компьютерде іске қосыңыз.
- 2 Ойнатқышты компьютерге қосу. Ойнатқыш **AudibleManager** арқылы танылғанша күтіңіз.
- 3 **AudibleManager** параметрінде **Құрылғыға қосу** пәрменін таңдаңыз.
  - Ойнатқышты **AudibleManager** құрылғысына алғаш рет қосқан кезде, ойнатқышты сұрау бойынша белсендіріңіз.





Ойнатқышқа тасымалданған дыбыстық кітаптарды тексеру үшін, AudibleManager параметріндегі ойнатқыш панелін қараңыз.

- Қажет болса, **Құрылғыны жаңарту** түймесін басыңыз.

## Ойнатқыштағы дыбыстық кітаптарды табу

📖 > [Audiobooks] параметрінде дыбыстық кітап файлдары кітап тақырыбы немесе авторы арқылы реттеледі.

[Books]

- Кітаптар кітап тақырыбы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

[Authors]

- Кітаптар авторы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

## Дыбыстық кітаптарды ойнату

- 1 Кітапты таңдаңыз.
- 2 Ойнатуды бастау үшін ►► түймесін басыңыз.
  - ↳ Ойнату экранында кітап туралы мәліметті және ойнату күйін көруге болады.
  - Ойнату экранында ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру үшін, ►► түймесін басыңыз.
  - Алдыңғы экранға өту үшін, ↶ түймесін басыңыз.

Ойнату кезінде тақырыптарды немесе бөлімдерді өткізіп жіберу үшін,

- 1 Ойнату экранында ≡ > [Navigation mode] түймесін басыңыз. [Titles] немесе [Section] тармағын таңдаңыз.
- 2 Ойнату экранында 📖 / 📖 түймесін басыңыз.

## Бетбелгілерді қолдану

Дыбыстық кітапта ойнату уақытына 10 белгіге дейін қосуға болады. Қажет кезде, белгіленген ойнату уақытынан ойнатуды бастаңыз.


Бетбелгіні қосу үшін,

- 1 Ойнату экранында ≡ түймесін басып, [Bookmarks] > [Add bookmark] тармағын таңдаңыз.
- 2 Орынды таңдаңыз.
  - ↳ Ағымдағы ойнату уақыты бетбелгілердің тізіміндегі орынға қосылады.

Белгіленген ойнату уақытында ойнату үшін,


- Ойнату экранында ≡ түймесін басып, [Bookmarks] > [Go to bookmark] тармағын таңдаңыз. Опцияны таңдаңыз:
  - ↳ Ойнату таңдалған ойнату уақытынан басталады.

Бетбелгіні жою үшін,

- Ойнату экранында  түймесін басып, **[Bookmarks]** > **[Delete bookmark]** тармағын таңдаңыз. Опцияны таңдаңыз:
  - ↳ Ойнату уақытын бетбелгілердің тізімінен жоясыз.

---

## Ойнатқыштан дыбыстық кітаптарды жою

- 1 Ойнату экранында  > **[Delete Audiobook]** түймесін басыңыз.
  - ↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 2 Дыбыстық кітапты жою үшін **[Yes]** параметрін таңдаңыз.
  - ↳ Ағымдағы дыбыстық кітап ойнатқыштан жойылады.


# 6 Бейнелер

## Бейнелерді ойнатқышқа тасымалдау

Бейнелерді ойнатқышқа ек жолмен тасымалдауға болады:

- **Philips Media Converter** арқылы тасымалдаңыз; Бейне түрлендіру бағдарламалық жасақтамасымен бейнелерді ойнатқышта қолданылатын файл түріне түрлендіруге және түрлендірілген файлдарды ойнатқышқа тасымалдауға болады.
- Бейне файлдарды (.AMV файлдары) Windows Explorer терезесіне апарып тастаңыз. Солай жасау арқылы бейне жинағыңызды файл қалтасы бойынша реттеуге болады.

## Philips Media Converter бағдарламасын орнатыңыз



- 1 VIBE құрылғысын компьютерге жалғаңыз.

- 2 Компьютерде **Менің компьютерім** (Windows XP / Windows 2000) / **Компьютер** (Windows Vista / Windows 7 / 8) тармағын таңдаңыз.
- 3 **Philips GoGear VIBE** белгішесін нұқыңыз. **PMCsetup.exe** файлын екі рет нұқыңыз.
- 4 Бағдарламалық жасақтаманы орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.




### Keңес


- **Philips Media Converter** бағдарламалық жасақтамасын [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) веб-торабынан алуға болады.

## Philips Media Converter бағдарламасын пайдаланыңыз

- 1 Компьютеріңізде **Philips Media Converter** файлын іске қосыңыз.
- 2 Ойнатқышты компьютерге USB кабелі арқылы жалғаңыз.
  - Ойнатқыштың **Philips Media Converter** арқылы танылуын күтіңіз.



- 3 **Philips Media Converter** экранында компьютер кітапханасынан бейнелер қосыңыз:
  - түймесін басыңыз.
  - ↳ Түрлендіру және тасымалдау үшін бейне файлдар тізіміне қосылды.


- Файлдар тізімінен бейнені жою үшін  түймешігін басыңыз.

**4 Philips Media Converter** экранында файл түрлендіруді және тасымалдауды бастаңыз:


-  түймесін басыңыз.

## Ойнатқыштағы бейнелерді табу


Бейнелерді файл атауы бойынша табу үшін


-  торабына өтіңіз.
  - ↳ Бейнелер файл аты бойынша әліпбилік ретпен тізімделеді.

Бейнені файл қалта бойынша табу үшін,


-  торабына өтіңіз.
  - ↳ Бейнелер компьютерде файл қалта ретінде ұйымдастырылады.

## Бейнелерді ойнату

- 1 Бейне таңдаңыз.
- 2 Ойнатуды бастау үшін  түймесін басыңыз.
  - ↳ Бейне альбомдық көріністе ойнатылады.





Ойнату экранында

- Ойнатуды кідірту және жалғастыру үшін  түймешігін басыңыз.


Ойнату экранында бейне файл таңдау үшін

-  () түймесін қайталап таңдаңыз.

Ағымдағы бейнені артқа немесе алға жылдам айналдыру үшін,

- Ойнату экранында  /  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.


## Ойнатқыштан бейнелерді жою

- 1 Бейнені таңдаңыз немесе ойнатыңыз.
- 2 Бейнелердің тізімінде немесе ойнату экранында
  -  түймесін басып, **[Delete video]** параметрін таңдаңыз.
    - ↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 3 Бейнелерді жою үшін **[Yes]** параметрін таңдаңыз.
  - ↳ Ағымдағы бейне ойнатқыштан жойылады.

# 7 Суреттер

## Ойнатқышқа суреттерді қосу

- 1 VIBE құралын компьютерге қосыңыз.
- 2 Компьютерде **Менің компьютерім** немесе **Компьютер** тармағының астында
  - VIBE құралын таңдап, файл қалталарын жасаңыз.
- 3 Компьютерде VIBE құралындағы файл қалталарына файлдарды сүйреп апарыңыз.
  - Сонымен қатар, компьютерден VIBE құралына файл қалталарын сүйреп апарыңыз.



## Ойнатқыштағы суреттерді табу

### Суреттерді файл аты бойынша табу

- торабына өтіңіз.
  - ↳ Суреттер файл аты бойынша әліпбилік ретпен тізімделеді.

### Суреттерді қалта бойынша табу үшін,

- торабына өтіңіз.
  - ↳ Суреттер компьютерде файл қалтасы бойынша ұйымдастырылады.

## Суреттерді көру

- Суреттер тізімінде бір суретті таңдау үшін / және түймесін басыңыз.

### Ойнату экранында

- суретті таңдау үшін / түймесін басыңыз.

## Слайд көрсетілімін бастау

- Суреттерді көргенде слайд көрсетілімін бастау үшін түймесін басыңыз.
  - ↳ Суреттер біртіндеп ойнатылады.

## Ойнату параметрлерін таңдау

Ойнату экранында ойнату параметрлерін таңдау үшін түймесін басыңыз.


- Слайдтар көрсетілімі кезінде кідірту үшін алдымен түймесін басыңыз.

[Slideshow settings] тармағында слайд көрсетілімі үшін параметрлерді таңдаңыз:

[Time per slide]	Екі слайд арасындағы уақыт аралығын таңдаңыз.
[Repeat]	Ағымдағы қалта ішіндегі суреттерді қайталап көрсетеді.
[Shuffle]	Ағымдағы қалта ішіндегі суреттерді кездейсоқ ретпен көрсетеді.

## Ойнатқыштан суреттерді жою

- 1 Суретті таңдаңыз немесе ойнатыңыз.
- 2 Суреттердің тізімінде немесе ойнату экранында

-  түймесін басып, **[Delete picture]** параметрін таңдаңыз.  
↳ Растау хабары көрсетіледі.




**3** Суретті жою үшін **[Yes]** параметрін таңдаңыз.  
↳ Ағымдағы сурет ойнатқыштан жойылады.

## 8 Қалта көрінісі

Ойнатқыштағы мультимедиа кітапханасынан мультимедиа файлдарын қарау және ойнату үшін ■ тармағына өтіңіз.

## 9 Параметрлер

\* параметрінде ойнатқыш үшін параметрлерді таңдаңыз.

- 1 Опцияны таңдау үшін  /  түймесін басыңыз.
- 2 Растау үшін,  түймесін басыңыз.

### Ойнату режимі

[Play mode] ішінде музыка ойнату үшін ойнату режимдерін таңдаңыз:

[Play music from...]

- Ағымдағы өлеңмен бірдей жинаққа ауысады.

[Repeat]

- [Repeat 1]: ағымдағы өлеңді қайталайды.
- [Repeat all]: ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдерді қайталайды.

[Shuffle]

- [On]: ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдерді кездейсоқ ретпен ойнатады.

Егер [Repeat all] және [Shuffle] режимінің екеуі де қосылып тұрса,

- ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдер кездейсоқ ретпен қайталаыды.

### Дыбыс параметрлері

[FullSound] Музыканы сығу кезінде жоғалатын дыбыстық мәліметтерді қалпына келтіреді (мысалы, MP3, WMA).

[Equalizer] Дыбыс параметрлерін қалауыңыз бойынша анықтайды.




Ескертпе


- FullSound таңдалғанда, эквалайзер ажыратылады.

### Ұйықтау таймері

Ұйқы таймерін қосыңыз. VIBE құралы белгілі уақыт аралығынан кейін автоматты түрде өше алады.

- [Sleep timer] > [Set sleep timer...] тармағынан бір параметрді таңдаңыз.  түймесін басыңыз.
  - ↳ Таңдалған уақыт ұзақтығынан кейін, құрылғы автоматты түрде өшіріледі.

Ұйқы таймерін қосқаннан кейін,

- \* > [Sleep timer] тармағын таңдаңыз.
- Не болмаса, музыка ойнату экранында  > [Sleep timer] түймесігін басыңыз.
  - ↳ Ойнатқыш өшірілуіне қанша уақыт қалғанын көруге болады.

### Көрсету параметрлері




[Theme]

- Дисплей үшін тақырыпты таңдаңыз.

### Экранды сақтау

Экранды сақтау мүмкіндігі таңдалған болса, экранды сақтау алдын ала анықталған уақыт аралығынан кейін жұмыс істемейтін экранда көрсетіледі.

Экранды сақтау мүмкіндігін таңдау

- 1 Басты экранда \* > [Display settings] > [Screensaver] тармағын таңдаңыз.
- 2 [Screensaver] параметрінде опцияны таңдау үшін,  /  және  тармағын таңдаңыз.

[None] бос экранды көрсетеді.

[Album art] қол жетімді болса, ағымдағы әннің немесе соңғы ойнатылған әннің ықшам диск мұқабасын көрсетеді.



[Screen off]	экранды өшіреді.
[Demo mode]	ойнатқыштың маңызды мүмкіндіктерін көрсетеді.

### Экранды сақтау мүмкіндігінен шығу

- Кез келген пернені басыңыз.

## Слайд көрсетілімінің параметрлері

### [Time per slide]

- Әр слайд үшін ойнату уақытын таңдайды.

### [Repeat]

- Егер қосылған болса, барлық слайдтарды қайталап ойнатады.

### [Shuffle]

- Егер қосылған болса, барлық слайдтарды кездейсоқ ретпен ойнатады.

## Тіл

[Language] параметрінде тілді таңдауды өзгертуге болады.

## Ақпарат

[Information] параметрінде ойнатқыш туралы келесі ақпаратты біліңіз:

### [Player information]

[Model:] толық өнім аты  
Қолдау көрсететін веб-тораптан микробағдарламаны жаңартқан кезде толық өнім атын тексеріңіз.

[Firmware version:] ағымдағы микробағдарлама нұсқасы  
Қолдау веб-торабынан микробағдарламаны жаңартқан кезде, микробағдарлама нұсқасын тексеріңіз.

[Support site:] ойнатқыш үшін қолдау көрсететін веб-торап

### [Disk space]

[Free space:] қол жетімді бос орын

[Total space:] жад көлемі

[Songs] ойнатқышта сақталған әндер саны

[Pictures] ойнатқышта сақталған суреттер саны

[Videos] ойнатқышта сақталған бейнелер саны

### [File type supported]

[Music] қолдау көрсетілетін музыка файлдарының түрлері

[Pictures] қолдау көрсетілетін сурет файлдарының түрлері

[Videos] қолдау көрсетілетін бейне файлдарының түрлері

## Заңды

[Legal] ішінен ойнатқыш туралы келесі ақпаратты табыңыз:

## Құрылғыны пішімдеу

Ойнатқышты пішімдеңіз. Ойнатқышта сақталған барлық деректерді жоясыз.

- [Format device] параметрін таңдап, одан кейін сұралғанда [Yes] түймесін басыңыз.


---

## Зауыттық параметрлері

[Factory settings] параметрінде ойнатқыштың зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз. Ойнатқышқа жіберілген файлдар сақталады.

# 10 Philips Device Manager мүмкіндігі арқылы микробағдарламаны орнату

Philips Device Manager мүмкіндігін орнату




- 1 VIBE құралын компьютерге қосыңыз.
- 2 Компьютерде **Менің компьютерім** (Windows XP / Windows 2000) / **Компьютер** (Windows Vista / Windows 7 / 8) тармағын таңдаңыз.
- 3 **Philips GoGear VIBE** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз. **Philips Device Manager мүмкіндігін орнату** пәрменін таңдаңыз.
  - Сонымен қатар, **Philips GoGear VIBE** белгішесін нұқыңыз. **installer.exe** файлы екі рет нұқыңыз.
- 4 Бағдарламалық құралды орнатуды аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Ескертпе

- Орнату лицензия шарттарымен келісуді талап етеді.


Микробағдарламаны жаңартуларды тексеру

- 1 Компьютердің Интернетке қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Philips Device Manager** мүмкіндігін іске қосыңыз.
  - ↳ Тілқатысу терезесі көрсетіледі.
- 3 **VIBE** құралын компьютерге қосыңыз.
  - ↳ Құрылғы қосылған кезде, «SA5MXXXX» мәтін жолағында көрсетіледі.
  - ↳ Құрылғының ағымдағы микробағдарлама нұсқасын табуға болады.



- 4 Микробағдарламаны жаңартуларды тексеру үшін,
  - ① **Philips Device Manager** мүмкіндігінің тілқатысу терезесін жабыңыз.
  - ② Компьютер экранының негізінде  параметрін тінтуірдің оң жақ

түймесін нұқып, Жаңартуларды тексеру пәрменін таңдаңыз.



↳ Philips SA5MXXXX Device Manager Интернеттен жаңартуларды тексереді.

### Микробағдарламаны жаңарту

- 1 Микробағдарламаны жаңарту қол жетімді болған кезде, микробағдарламаны жүктеп алып, орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 2 Компьютерден **VIBE** мүмкіндігін ажыратыңыз.
  - ↳ Микробағдарлама жаңартылғаннан кейін және қайтадан пайдалануға дайын болғанда, **VIBE** қайта іске қосылады,

# 11 Ақаулықтарды жою

VIBE құралы дұрыс жұмыс істемесе немесе дисплей қатып қалса, деректерді жоғалтпай оны қалпына келтіруге болады:

## VIBE құралын қалай қалпына келтіремін?


- VIBE құралындағы қалпына келтіру тесігіне қалам ұшын немесе басқа затты кіргізіңіз. Ойнатқыш өшірілгенше ұстап тұрыңыз.

- Қалпына келтіру параметрі сәтсіз болса, **Philips Device Manager** бойынша VIBE құралын қалпына келтіріңіз:

1 Компьютерде **Philips Device Manager** параметрін іске қосыңыз.

2 Қалпына келтіру күйіне еніңіз:

① VIBE құралын өшіріңіз.

② **Дыбыс деңгейі түймесін**  басып тұрып, VIBE құрылғысын компьютерге қосыңыз.

③ **Philips Device Manager** VIBE құралын танымайынша және қалпына келтіру күйіне енбейінше, түймені ұстап тұра беріңіз.

3 Қалпына келтіру процесін бастау:

① **Philips Device Manager** параметрінде Қалпына келтіру түймесін басыңыз. Қалпына келтіру процесін аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

② Қалпына келтіру аяқталған кезде, VIBE құралын компьютерден ажыратыңыз.

4 VIBE құралын қайта іске қосыңыз.

# 12 Техникалық мәліметтер

## Электр қуаты

- Ток көзі: 290 мА литий-ионды полимерлі ішкі зарядталатын батарея
- Бейне ойнату уақыты<sup>1</sup>  
Музыка (.mp3): 20 сағатқа дейін (FullSound өшірулі); 12 сағатқа дейін (FullSound қосулы)
- Бейне (.mp4): 4 сағатқа дейін

## Бағдарламалық жасақтама

- **Philips Media Converter:** бейнелерді түрлендіру және тасымалдау<sup>3</sup> үшін
- **Philips Device Manager:** микробағдарламаны жаңарту және ойнатқышты қалпына келтіру үшін

## Байланыс мүмкіндігі

- Құлаққап 3,5 мм
- USB 2.0 жоғары жылдамдықты

## Дыбыс

- Каналдар жиілігі: > 45 дБ
- Жиілік жауабы: 80-18,000 Гц
- Шығыс қуаты: 2 x 2,4 мВт
- Сигналдың шуға коэффициенті: > 84 дБ

## Дыбысты ойнату

Қолданылатын пішімдер:

- MP3  
Берілім жылдамдығы: 8-320 кбит/сек және VBR  
Іріктеу жиілігі: 8, 11,025, 16, 22,050, 32, 44,1, 48 кГц
- WMA (қорғалмаған)  
Берілім жылдамдығы: 5-320 кбит/сек  
Іріктеу жиілігі: 8, 11,025, 16, 22,050, 32, 44,1, 48 кГц

## Бейнені ойнату

Қолданылатын пішімдер:

- AMV

## Суретті көрсету

Қолданылатын пішімдер:

- JPEG
- BMP

## Сақтау құралы

Ендірілген жад көлемі<sup>2</sup>:

- SA4VBE04 4GB NAND Flash
- SA4VBE08 8GB NAND Flash
- SA4VBE16 16GB NAND Flash

## Мультимедианы тасымалдау<sup>3</sup>

- Media Converter (бейнені тасымалдау)
- Windows Explorer (сүйреп апару)

## Бейне

- Түсті СҚД 128 x 160 пиксель



## Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.
- <sup>1</sup> Зарядталатын батареяларда зарядтау кезеңінің шектеулі саны бар. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.
- <sup>2</sup> 1 ГБ = 1 млрд. байт, қол жетімді сақтау мүмкіндігі азырақ. Толық жад көлемі қол жетімді болмайды, себебі кейбір жад бөлігі ойнатқыш үшін сақталады. Сақтау көлемі әрбір әуенге 4 минуттан негізделеді және 128 Кб/сек MP3 шифрлау үшін қолданылады.
- <sup>3</sup> Тасымалдау жылдамдығы амалдық жүйеге және бағдарламалық құрал теңшеліміне байланысты болады.

## Компьютерге қойылатын талаптар

- Windows® XP (SP3 немесе жоғары) / Vista / 7 / 8
- Pentium III 800 МГц процессоры немесе одан жоғары
- 512 Мбайт RAM
- 500 Мбайт қатты дискідегі бос орын
- Интернет байланысы
- Windows® Internet Explorer 6.0 немесе одан кейінгі
- USB порты



